

Наразылық білдіру хатының мәтіні

«Сұңқар» АҚ (бұдан әрі – Тапсырыс беруші) және «Бүркіт» ЖШС (бұдан әрі – Мердігер) арасында 2016 жылғы 12 қарашада жасалған № 17 шарт (бұдан әрі – Шарт) бойынша Тапсырыс берушіге 13785000 (он үш миллион жеті жүз сексен бес мың) теңге сомаға Канализация құбырын өткізу бойынша жұмыстар орындалды.

Шарттың 25-тармағына сәйкес, орындалған жұмыстар үшін есеп айырысуды Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісіне қол қойған күннен бастап, яғни 2017 жылғы 20 тамыздан бастап банктік 5 (бес) күн ішінде жүргізуге тиіс. Алайда Тапсырыс беруші жасалған Шарттың талаптарын бұзып, орындалған жұмыстарға мерзімінде төлемеді.

2017 жылғы 30 тамыздағы жағдай бойынша Тапсырыс берушінің қарызы 6892500 (алты миллион сегіз жүз тоқсан екі мың бес жүз) теңгені құрайды.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде және қолданыстағы заңнаманың нормаларын басшылыққа ала отырып, Сізге наразылық білдіруді алған сәттен бастап күнтізбелік үш күн ішінде «Наш Банк» АҚ № 1459701 Алматы ОФ Банкіндегі біздің KZ899663741249742753 есеп-шотымызға берешек сомасын аударуды ұсынамыз.

Біздің талаптар қанағаттандырылмаған жағдайда, біз төлемақы өсімін есептей отырып (Шарттың 26-тармағына сәйкес), берешек сомасын мәжбүрлеп өндіріп алу үшін, сондай-ақ мемлекеттік баж салығын төлеу бойынша шығындарды Сізге есепке жатқызумен Арбитраждық сотқа жүгінуге мәжбүр боламыз.

Бас директор қолтаңбасы И. Шаяхметов

Текст письма-претензии

По заключенному между АО «Сұңқар» (далее Заказчик) и ТОО «Бүркіт» (далее – Подрядчик) договору № 17 от 12 ноября 2016 года (далее – Договор) для Заказчика были выполнены работы: Прокладка канализационных труб на сумму 13785000 (тринадцать миллион семьсот восемьдесят пять тысяч) тенге.

Согласно пункту 25 Договора расчет за выполненные работы производится Заказчиком в течение 5 (пяти) банковских дней со дня подписания акта выполненных работ, который был подписан 20 августа 2017 года. Однако Заказчиком были нарушены условия заключенного Договора, выполненные работы не оплачены в срок.

По состоянию на 30 августа 2017 года задолженность Заказчика составляет 6892500 (шесть миллион восемьсот девяносто две тысячи пятьсот) тенге.

На основании вышеизложенного, руководствуясь нормами действующего законодательства, предлагаем Вам в течении трех календарных дней с момента получения претензии перечислить на наш расчетный счет KZ899663741249742753 в Алматинский ОФ №1459701 АО «Наш Банк» сумму задолженности.

При неудовлетворении наших требований мы будем вынуждены обратиться в Арбитражный суд для принудительного взыскания суммы долга, с начислением пени (согласно пункту 26 Договора), а также отнесением на Ваш счет расходов по оплате государственной пошлины.

Генеральный директор личная подпись **И. Шаяхметов**